

# KASE

# АПТАЛЫҒЫ

24–28 сәуір  
2023

## KASE ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

- 30 мамырда "Қазақстан қор биржасы" АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы [өтеді](#).
- KASE Директорлар кеңесі "Банк Фридом Финанс Казахстан" АҚ-ны "қор" және "туынды құралдар" санаттары бойынша KASE мүшелігіне қабылдау туралы шешім [қабылдады](#).
- KASE ресми тізіміне Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің [KZMJ00001477](#) (ZKK024\_147) және [KZMJ00001485](#) (ZKK011\_148) облигациялары, "ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ [KZ2C00009736](#) (KMGZpp2) облигациялары, "Магистральдық су құбыры" ЖШС [KZ2P00009749](#) облигациялары (MVDOpp1), "ID Collect (АйДи Коллект)" Коллекторлық агенттігі" ЖШС [KZ2P00009681](#) (IDCOpp1) облигациялары, "TAS FINANCE GROUP" МҚҰ" (TAS Finance Group) ЖШС [KZX000000963](#) (MFTSe1) облигациялары және АҚШ Қаржы министрлігінің халықаралық [облигацияларының](#) алты шығарылымы енгізілді.
- KASE-де "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ [KZ2C00009637](#) (BRKZb32) "жасыл" облигацияларымен сауда-саттық ашылды.

## ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- Қазақстан Қаржы министрлігі KASE-де 37,0 млн МЕОКАМ-24 88-ші шығарылымын ([KZK200000752](#), MOM024\_0088), 27,4 млн МЕУКАМ-156 жетінші шығарылымын ([KZKD00001103](#), MUM156\_0007), 52,0 млн МЕУКАМ-180 алтыншы шығарылымын ([KZKD00000535](#), MUM180\_0006), 41,0 млн МЕУКАМ-180 16-шы шығарылымын ([KZKD00001194](#), tum180\_0016) және 51,8 млн МЕУКАМ-120 19-шы шығарылымын ([KZKD00001129](#), MUM120\_0019) орналастырды.
- Азия Даму Банкі KASE-де XS2610164944 (ASDBe15) халықаралық әлеуметтік облигацияларын жазылым арқылы өтеуге кірістілігі жылдық 14,10 %-бен орналастыра отырып, 13,3 млрд теңге [тартты](#).
- Батыс Қазақстан облысының әкімдігі KASE-де [KZMJ00001477](#) (ZKK024\_147) және [KZMJ00001485](#) (ZKK011\_148) облигацияларын орналастыру арқылы 6,6 млрд теңге тартты.
- "Онлайн ҚазҚаржы МҚҰ" АҚ KZ2C00009728 (MFOKb10) облигацияларын KASE-де жазылым жүргізу арқылы орналастыра отырып, 738,6 млн теңге [тартты](#).
- "Home Credit Bank" АҚ KASE-де KZ2D00008356 (HCBNб8) облигацияларын орналастыру арқылы 5,7 млрд теңге [тартты](#).
- "Қазақстандық тұрақтылық қоры" АҚ KASE-де KZ2C00009462 (KFUSb54) облигацияларын орналастыру арқылы 5,1 млрд теңге [тартты](#).
- "ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ [XS1807299174](#) (KMGZe13) халықаралық облигацияларын толық мерзімінен бұрын өтеуді жүзеге асырды.
- "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ Чехия қаржы институттарымен келісімге [қол қойды](#).
- "ҚазТрансОйл" АҚ 2023 жылдың бірінші тоқсанындағы өндірістік қызметтің нәтижелері туралы [хабарлайды](#).
- "Қазақтөлеком" АҚ 2022 жылғы қызметінің қорытындысын [хабарлады](#).
- Freedom Holding Corp. Aviața және Chocotravel қызметтерін [сатып алады](#).
- "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ ШЫҰ МБО төрағалығын [қабылдады](#).
- "QazaqGaz" ҰК" АҚ S&P Global Ratings агенттігінің компанияның рейтингтік бағаларын көтергені туралы [хабарлады](#), болжам "Тұрақты".
- "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ 2023 жылдың бірінші тоқсанындағы қызметтің операциялық нәтижелерін [ұсынды](#).
- "ҚазТрансОйл" АҚ "Астрахань–Маңғышлақ" магистральдық су құбырын қайта жаңарту және кеңейту 1 кезек" жобасын іске асыру үшін "Магистральдық су құбыры" ЖШС 50 млрд теңге тарту туралы [хабарлайды](#).



28.04.2023

Әлемдіктің бірінші сыныбы	Бағасы	Трендтер (%)	
		Δ 7к	Δ 1а
KASE Индексі	3 559,90	1,8	7,5
Meta Platforms, Inc.	237,61	11,9	17,4
АО "Народный банк Казахстана"	156,00	8,3	13,5
АО Kaspi.kz	37 000,00	7,5	7,8
Freedom Holding Corp.	74,84	6,9	7,0
АО "ForteBank"	4,58	4,3	15,7
Intel Corporation	31,97	3,6	10,6
АО "Казактелеком"	29 998,00	2,8	3,6
Ford Motor Company	14,06	2,6	4,1
АО "КазТрансОйл"	754,99	1,6	24,3
Apple Inc.	168,50	1,4	6,3
АО "KEGOC"	1 618,00	1,0	0,5
АО "БАСТ"	8 100,00	- 0,1	- 1,6
АО "Кселл"	1 872,11	- 0,7	4,7
NVIDIA Corp.	270,00	- 1,2	35,0
Altyngold plc	850,40	- 1,4	14,1
АО "Банк ЦентрКредит"	685,00	- 1,4	4,3
АО "НАК "Казатомпром"	13 438,99	- 1,9	1,8
Bank of America Corporation	29,30	- 2,6	1,5
Advanced Micro Devices, Inc.	87,60	- 2,6	- 8,5
Pfizer Inc.	38,84	- 2,7	- 3,9
АО "НК "КазМунайГаз"	10 129,00	- 2,8	14,1
АО "KM GOLD"	149,99	- 3,2	2,6
Tesla, Inc.	175,89	- 4,9	- 7,4

Анықтама: жасыл түспен индекстік акциялар белгіленген

**KASE Индексінің акциялары**



**Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі**



Сәуірдің соңғы аптасында KASE Индексінің мәні 1,8 %-ға артып, 3 550 тармақтан асты. Жалпы сәуір айында KASE Индексі 6,2 %-ға өсті. KEGOC-тан басқа индекске кіретін барлық қағаздар айды жасыл аймақта аяқтады. Өсудің негізгі драйверлері мұнай-газ саласы компанияларының жай акциялары болды: "ҚазТрансОйл" сәуір айында 18 %-ға, "ҚазМунайГаз" 8,7 %-ға өсті. "Халық банкінің" баға белгілеулері бір айда 14 %-ға, Kcell – 4,6 %-ға өтті.

"ҚазТрансОйл" 2023 жылдың бірінші тоқсанының өндірісті қорытындылары магистральдық мұнай құбырлары жүйесі бойынша тасымалдау көлемі 2022 жылдың бірінші тоқсанымен салыстырғанда 6,1 %-ға 10,3 млн тоннаға дейін өскенін көрсетеді. Естеріңізге сала кетейік, "ҚазТрансОйл" бұған дейін Табиғи монополияларды реттеу комитетіне Қазақстанның ішкі нарығына мұнай тасымалдау бойынша тарифті 15 %-ға арттыруға өтінім жіберген болатын. Бұл "ҚазТрансОйл" бас компаниясы болып табылатын "ҚазМунайГазға" да оң әсер етті. Жалпы, "ҚазМунайГаз" акцияларының бағасы өткен жылдың желтоқсан айында IPO-дан бастап 20,5 %-ға өсті.

"Қазақтелеком" 2022 жылдағы қызметтің қорытындыларын жариялады: топтың кірісі 7 %-ға, EBITDA көрсеткіші 3 %-ға, ал таза пайда 32%-ға артып, 128 млрд теңгеден асты. Осыған орай, "Қазақтелеком" жай акцияларының бағасы өткен аптада 2,8 %-ға өсті.

24 сәуірде Халық банкінің директорлар Кеңесі акционерлерге 2022 жылға бір жай акцияға 25,38 теңге мөлшерінде дивидендтер төлеуге дауыс беруді ұсынды. Осы жаңалық аясында банк акцияларының бағасы бір күн ішінде 9 %-ға өсті. Халық банкі акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы сырттай дауыс беру арқылы 25 мамырға белгіленді.

Акциялары "KASE Global" секторында саудаланатын компаниялар бойынша дивидендтер төлеуді QUALCOMM, IBM және American Electric Power Company жоспарлайды. Қазіргі уақытта осы секторда шетелдік эмитенттердің 56 атаудағы бағалы қағаздары, оның ішінде 44 шығарылым акциялары және 12 ETF саудаланады.

Брокерлер де қазіргі өзекті дивидендтік әңгімелерден тыс қалмайды: "Сентрас Секьюритиз" 2022 жылға өзінің жай акциялары бойынша жалпы сомасы 6,8 млн теңгеге дивидендтер төлеуге ниетті. Өткен аптада Қазақстан қор биржасының борыштық капитал нарығында инвесторлар таңдау үшін көп нәрсе болды. "Азия Даму Банкі" жазылым арқылы өтеу мерзімі 2030 жылы болатын халықаралық әлеуметтік облигацияларды жылдық 14,1 %-бен орналастыра отырып, 13,3 млрд теңге тартты. Home Credit Bank екі жылдық облигацияларды жылдық 18 %-бен орналастыра отырып, KASE-де 5,7 млрд теңге тартты. "Онлайн Қазқаржы" микроқаржы ұйымы өтеуге кірістілігі жылдық 21 %-бен бір жылдық облигацияларды орналастыра отырып, жазылым арқылы 739 млн теңге тартты. "Қазақстандық орнықтылық қоры" өтеуге кірістілігі жылдық 18,25 %-бен және айналыс мерзімі 3 жыл болатын, 5,1 млрд теңге сомасына облигациялардың бір шығарылымын орналастырды.

Өткен аптада өз облигациялары бойынша сыйақыны "Самұрық-Қазына", "ҚазМунайГаз", "Аграрлық несие корпорациясы", "ForteBank" және басқа компаниялар төледі. Осы кезеңде KASE Листингтік комиссиясы "ҚазМунайГаз", "Магистральдық су құбыры" ЖШС және "ID Collect (АйДи Коллект)" коллекторлық агенттігінің жаңа облигацияларын "Жеке орналастыру" алаңына, негізгі алаңға – "KMF" микроқаржы ұйымының облигацияларын, баламалы алаңға – "R-Finance" және "TAS FINANCE GROUP" микроқаржы ұйымдарының облигацияларын ресми тізімге енгізу туралы шешім қабылдады.

Борыштық нарық жаңалықтарын "ҚазМунайГаз" өзінің өтеу күні 2025 жылдың сәуірінде болатын 500 млн АҚШ доллары сомасына халықаралық облигацияларын толық мерзімінен бұрын өтеу туралы ақпарат толықтырады, ал облигациялары KASE ресми тізімінде тұрған "QazaqGaz" S&P Global Ratings агенттігінің компанияның рейтингтік бағаларын "BB" деңгейінен "BB+" деңгейіне дейін тұрақты болжаммен көтергені туралы хабарлады.

Сәуір айының соңғы аптасында МБҚ нарығында Қазақстан Қаржы министрлігі KASE-де жалпы сомасы 185,3 млрд теңгеге өтеу мерзімдері 2 жылдан 14 жылға дейінгі және өтеуге кірістілігі жылдық 11,6–14,5 %-бен қазынашылық міндеттемелердің бес шығарылымын орналастырды. Батыс Қазақстан облысының әкімдігі мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру шеңберінде тұрғын үй құрылысын қаржыландыру мақсатында өтелгенге дейінгі мерзімдері 11 ай және 2 жыл болатын облигациялардың екі шығарылымын орналастыра отырып, KASE-де 6,6 млрд теңге тартты. KASE ресми тізімінің "мемлекеттік бағалы қағаздар" секторына өтеуге дейінгі мерзімі екі жылдан аспайтын АҚШ Қаржы министрлігінің Халықаралық облигацияларының алты шығарылымы енгізілді.


Өткен аптаның бірінші жартысында американдық тұтынушылардың сенім индексі бойынша әлсіз деректер, АҚШ-тың аймақтық банктеріндегі жағдай және ұзақ мерзімді тауарларға тапсырыс беру туралы даулы деректер Америка экономикасындағы ықтимал рецессия туралы алаңдаушылықты арттырды және жетекші индекстердің төмендеуіне ықпал етті. Бейсенбіде АҚШ-тың ЖІӨ-нің 2023 жылдың бірінші тоқсанында өткен тоқсанға қарағанда 1,1 %-ға өсуі туралы статистика шықты. Бұл сарапшылар қауымдастығының алдыңғы мәні мен болжамынан төмен болды. Бірақ нарық қатысушылары бұл жаңалықты пайыздық мөлшерлеменің өсуін бәсеңдету үмітімен оң қабылдады. Нәтижесінде әлемдік индекстер аптаның басындағы деңгейге көтеріліп, өсуді көрсетті.



Өткен аптада ақша нарығында TONIA бір күндік репосын тарту мөлшерлемесінің мәні айдың аяғында базалық мөлшерлеме дәлізінің жоғарғы шекарасына жақындады және жылдық 16,73–17,72 % шегінде өзгерді. Бір күндік валюталық своп операцияларының АҚШ долларындағы кірістілігі "салық аптасының" аяқталуы аясында қысқа мерзімді теңгелік өтімділіктің қалпына келуіне байланысты бір апта ішінде жергілікті максимум 17,8-ден жылдық 14,19 %-ға дейін төмендеді.


### Инфляция және пайыздық мөлшерлеме

Инфляция, 12М    MM Index    Базалық мөлшерлеме    Репо-1д    Своп-1Д




### ҚР ҰБ ноталарын орналастырудың негізгі параметрлері

█ Апталық орналастыру (←)    █ Айлық орналастыру (←)    █ Үш айлық орналастыру (←)  
█ Жарты жылдық орналастыру (←)    █ Жылдық орналастыру (←)    █ Айлық кірістілігі (→)  
█ Апталық кірістілігі (→)    █ Үш айлық кірістілігі (→)    █ Жарты жылдық кірістілігі (→)  
█ Жылдық кірістілігі (→)



### Тәуекелсіз қысққ кірістілігі





Сәуір айының қорытындысы бойынша, теңге бағамы 1 АҚШ доллары үшін 453,21 теңгеге дейін 0,1%-ға әлсіреді. Қазақстан қор биржасындағы сауда-саттықтың орташа күндік көлемі бір айда 164 млн АҚШ долларынан 152 млн АҚШ долларына дейін төмендеді. Сауда-саттықтың жалпы көлемі 3 млрд АҚШ долларын құрады.

Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің валюталық түсімді сатуы өткен айда шамамен 295 млн АҚШ долларын құрады. Квазимемлекеттік сектор компаниялары екінші деңгейлі банктер арқылы валюта нарығында дербес сатады.

Сәуір айында Ұлттық қордан республикалық бюджетке трансферттерді қамтамасыз ету үшін валюта сату 600 млн АҚШ долларын құрады. Ұлттық қордан сату үлесі сауда-саттықтың жалпы көлемінің 20%-ы және күніне 30 млн АҚШ долларынан аспады. Ұлттық қордың қаражатымен операциялар жүргізу кезінде Ұлттық Банк нарықта бейтарап қағидатын сақтайды. Бұл шетел валютасын тұрақты және біркелкі сатуды білдіреді. Мұндай тәжірибе Ұлттық қордағы операциялардың валюта нарығына әсерін азайтуға мүмкіндік береді.


БЖЗҚ зейнетақы активтерінің валюталық үлесін 30% деңгейінде ұстап тұру мақсатында Ұлттық Банк сәуір айында биржалық сауда-саттықта шетел валютасын сатып алуды жалғастырды. Оның жалпы сомасы 240 млн АҚШ долларын немесе нарықтың жалпы көлемінің шамамен 8%-ын құрады.

Ұлттық Банк сәуір айында валюталық интервенция жүргізген жоқ.

Мамыр айында Ұлттық қордан сатудың нақты көлемі Қаржы министрлігінің республикалық бюджетке трансферттер бөлуге арналған өтінімдеріне байланысты болады. Қаржы министрлігінің қолда бар болжамды бағдарларының негізінде қажетті трансферттердің сомасы бойынша мамыр айында Ұлттық Банк Ұлттық қордан 750 млн АҚШ долларынан 800 млн АҚШ долларына дейінгі мөлшерде валюта сатуды жоспарлайды. БЖЗҚ зейнетақы активтерінің валюталық үлесін ұстап тұру үшін мамыр айында 200 млн АҚШ долларынан 250 млн АҚШ долларына дейінгі мөлшерде валюта сатып алу күтіледі.

### Шетел валюталарының бағамы динамикасы


Δ %, база (01.01.23)



	Бағасы	Δ 7к, %	Δ 30к, %	Δ 2023, %
— GBPKZT	564,65	-0,37	1,50	1,99
— USDKZT	453,39	-0,94	0,27	-1,39
— EURKZT	498,18	-0,63	2,30	2,15
— CNYKZT	65,50	-1,41	-0,30	-1,23
— RUBKZT	5,63	-0,88	-5,72	-12,91

### Brent мұнай құны

USD/баррель



Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.



Халықаралық индекстер

Атауы	Мәні	Тренд %			Фьючерс
		7к	1а	1ж	7к
S&P 500	4 169,48	0,9	3,5	-2,8	0,8
Dow Jones	34 098,16	0,9	4,2	0,5	0,7
PTC	1 033,57	1,4	2,9	-0,8	1,2
MMBБ	2 285,53	0,0	0,0	0,0	1,2
Hang Seng	19 894,57	-0,9	-1,5	-1,9	-1,1
SS CSI 300	4 029,09	-0,1	0,6	2,8	-0,5
Euro Stoxx 50	4 359,31	-1,1	3,0	15,4	-0,6
FTSEuroFirst	4 929,00	-0,6	3,4	9,1	-0,6
FTSE 100	7 870,57	-0,6	4,0	4,8	-0,5
KASE	3 559,90	1,8	7,5	17,3	

Шикізат нарығы

28.04.2023

Атауы	Бағасы	Тренд %		
		7к	1а	1ж
Мұнай (Brent)	79,54	-2,6	1,6	-26,1
Мұнай (WTI)	76,78	-1,4	5,2	-27,1
Табиғи газ	2,41	7,9	21,0	-65,0
Мыс	387,00	-2,8	-6,0	-12,3
Темір	850,00	-2,6	-8,9	-6,0
Алтын	1 990,00	0,3	1,3	5,0
Күміс	25,00	-0,2	6,9	8,1
Астық	619,75	-6,3	-12,1	-42,3

Экономикалық уақиғалар күнтізбесі

Валюта

Болжам

Алдыңғы

30.04	<u>Өндірістік сектордағы іскерлік белсенділік индексі (PMI) (сәуір)</u>	CNY	51,4	51,9
01.05	<u>ISM-нен өндірістік сектордағы іскерлік белсенділік индексі (PMI) (сәуір)</u>	USD	46,6	46,3
02.05	<u>Германияның өндірістік секторындағы іскерлік белсенділік индексі (PMI) (сәуір)</u>	EUR	44,0	44,0
02.05	<u>Тұтыну бағаларының индексі (ТБИ) (ж / ж) (сәуір)</u>	EUR	6,9%	6,9%
03.05	<u>ФРЖ пайыздық мөлшерлемесі бойынша шешім</u>	USD	5,25%	5,0%
04.05	<u>Пайыздық мөлшерлеме бойынша шешім (мамыр)</u>	EUR	3,75%	3,50%
05.05	<u>Жұмыссыздық деңгейі (сәуір)</u>	USD	3,6%	3,5%

Анықтама: Күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптаның экономикалық неғұрлым маңызды оқиғалары

В – миллиард  
М – миллион  
К – мың

Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

Мәні

Күні

Алдыңғы ай

Жылдық инфляция	16,8%	01.05.23	18,1%
ҚРҰБ жалпықлттық резервтер, млрд USD	36,1	01.04.23	34,5
Ақша базасы, млрд KZT	10 284,5	01.04.23	10 047,2
Ақша масса, млрд KZT	33 902,1	01.04.23	32 983,0

Қазақстанның несие рейтингі

Рейтинг

Күні

Алдыңғы

**S&P Global**

BBB-/A-3 әлсіз

03.03.23

BBB-/A-3 негативті

**Moody's**

Ваа2/әлсіз

11.08.21

Ваа3/позитивті

**FitchRatings**

BBB/әлсіз

02.12.22

BBB/әлсіз



## "Қазақстан қор биржасы" АҚ

**Мекен-жайы:** Қазақстан Республикасы,  
050040, Алматы қ., Байзақов 280 БЦ  
"Almaty Towers"

**Тел.:** +7 (727) 237 53 00



**Корпоративтік веб-сайт**



**Бізбен байланысыңыз**



**Листингілік компаниялардың  
корпоративтік оқиғалар  
күнтізбесі**



Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі. KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл, дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді. KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар.
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламан жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап.
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған.

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады. Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.